

Л 2005

3196 к

ОҚУҚУРАЛЫ

А.Ф. Абуов

КРИМИНАЛИСТИКА НЕГІЗДЕРІ



АЛМАТЫ ЖЕТІЖАРҒЫ



ОҚУ ҚҰРАЛЫ

А. Ф. Абуов

КРИМИНАЛИСТИКА
НЕГІЗДЕРІ

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2004

343.98 (075.8)

ББК 67.52 я 73

A 16



SPI

“Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция
өнеркәсібін колдау Ассоциациясының
Алтын медалімен наградталды

A 16 Абуов А.Ф.

Криминалистика негіздері: Оку кұралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 256 бет.
ISBN 9965-11-149-9

Оку куралында қылмысты ашу, тергеу және алдын алуда қолданылатын криминалистиканың жалпы теориясы, қылмыс іздерін зерттеудің техникалық-криминалистік әдістері мен құралдары, криминалистік техника, тактика және әдістеме негіздері карастырылған.

Оку куралы «құқыктану» мамандығы бойынша жоғары заң оку орында-рында мемлекеттік тілде дайындалатын студенттерге, магистранттарға, аспи-ранттарға, сондай-ак оқытушылар мен құқық корғау органдары қызметкерлеріне ариаган. Оку куралы «Криминалистика» пәнінің үлгілік оку бағдарламасы шенберіндегі негізгі тақырыптарды қамтиды.

A 1203021300-031 34-2004
419(05)-04

ББК 67. 52 я 73

ISBN 9965-11-149-9

© Абуов А.Ф., 2004
© «Жеті жарғы» ЖШС, 2004

Елімізде әлеуметтік және экономикалық қатынастарға өзгерістер еніп, ғылым мен техниканың жана жетістіктері іздестіріліп, оларды іс жүзінде толық пайдалануға кызу кірісіп жатқан казіргі мезгілде, құқық корғау жүйесі қызметкерлерінен криминалистика жетістіктерін қылмыспен құресте көнінен қолдануын талап етеді.

Қылмысты ашу, тергеу және алдын алу үшін криминалистік техника, тактика және тергеу әдістемесін жеткілікті менгерген, көсібі білікті зангер мамандарды дайындау жауапты іс. Олар материалдық бейнеленген іздерді, заттар іздерін, құралдар іздерін анықтауды, бекітуді, алуды және сактауды қамтамасыз етіп, тергеу мүмкіндігін анағұрлым көнітеді. Қазіргі тергеуші қылмыспен құресті табысты жүргізу үшін «қылмыстың соғсіз қуәларын» тез тауып «сойлете» білуі керек. Бұл іспен айналысатын бірден-бір ғылым ол – криминалистика. Сондыктан, жоғары зан оқу орындарында криминалистика пәні негізгі көсіби пәндердің бірі болып саналады.

Егемендік алған елімізде ана тілінде дайындалатын болашак зангерлердің саны көбейіп, тергеуде мемлекеттік тілде жүргізілетін қылмыстық істер саны да өсуде.

«Құқықтану» мамандығы бойынша оқытатын оқу орындарында мемлекеттік тілде жазылған криминалистика пәнінен оқу құралдарының тапшылығы қатты байқалып отыр. Қазіргі кезде қолданылып жүрген оқу құралдары саусакпен санарлық. Олар: Е.Ф. Жәкішевтің «Криминалистиканың пәндік сипаттамасы және методологиялық негіздері» методикалық оқу құралы (1991), Е.Ф. Жәкішевтің «Криминалистік тактика» оқу құралы (1997), С.Е. Еркенов пен С.И. Сұлтановтың «Тергсү әрекеттерінің тактикасы» дәрістер жинағы (2002), Е. Тілеубергеновтің «Криминалистика» көмекші құралы (2002). «Криминалистік әдістеме» (2004).

Ал, ұсынылып отырған «Криминалистика негіздерінде» жоғарыда көрсетілген оқу құралдарында карастырылмаған криминалистиканың жалпы теориясы, криминалистік техника білімдері көнірек

каралып, криминалистік тактика мен криминалистік әдістеменің негізгі бөлімдеріне де мүмкіндігінше қоңыл болынген.

Криминалистік техникалық көптеген терминдері мен сөз тіркестері шетел және ескі славян тілдеріндегі сөз тұбірлерінен шыққандықтан, олардың казак тіліндегі баламасын табу өте күрделі болды. Сондықтан да осы оку құралы бойынша ескеरту мен ұсыныс берушілерге автор түсіністікпен қарап, алғысын білдіреді.

1-б өлім. КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ

1.1. КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Криминалистиканың тұсінігі және пәні

Криминалистика басқа да ғылымдар сиякты объективтік құбылыстар заңдылықтарының жиынтығы болып табылады. Бірақ та осы көптеген жиынтықтардан криминалистиканың айырмашылығы, ол қылмысты ойдағыдай ашуға, тергеуге және алдын алуға қажетті заңдылықтарды оқытады. Бұл заңдылықтардың қалыптасуы әрбір қылмыстың қоршаған ортамен байланысына және материалдық әлемдегі заттардың, жағдайлар мен іс-әрекеттердің өзара байланысы мен өзара қатынастыры туралы диалектика заңына сәйкес. Осы заң негізінде міндепті түрде қоршаған ортада іздер мен көріністер калады да әрбір қылмыс объективтік болмыста әр түрлі: идеалдық немесе заттың, құбылыстың ойда қалған түрінде және материалдық немесе материалдық іздер түрінде бейнеленеді.

Қылмысты оқиға адамдардың әрекет-кимылдарынан болатындықтан қоршаған ортада, әсіресе қылмыс орнында көптеген іздер калады да, қылмыскер туралы мәлімет көзіне айналады. Ал, осы іздердің пайда болу үрдісі объектінің қасиеті, белгілері және бейне түсіру ерекшеліктері негізінде қажетті бір заңдылықтарға бағынады. Іздерді, басқа да айғақ заттарды оқиға болған жерден тауып, оларды салыстыру, талдау, тексеру нәтижесінде қылмыстың тетігін аныктаймыз.

Криминалистика пәні іздерді, айғақ заттарды іздеу, табу, бекіту, зерттеу әдістерінің және сол үшін қажетті техникалық криминалистік құралдары пайдалану жолдарын оқытып үйретеді.

Криминалистика зерттейтін қылмыс тетігі деген үғым бар – ол құрделі динамикалық жүйе болып саналады. Бұл жүйе қылмыстық әрекет затынан; қылмыс субъектісінен және оның өз іс-кимылмен, өзге қатысуышы субъектілермен қатынасынан; қылмыс жасауға дайындалу, оны іске асыру және жасыру жол-

дарынан; қылмыстық нәтижеден; қылмыс жағдайларынан (уақыты, орыны, жағдайы және с.с.) және басқалардан тұрады.

Қылмыс іздері тергеу жүргізіп отырған қылмыстық іс болынша дәлелдеме тұрғысында көрінуі үшін олар құзіретті тұлғалармен занды түрде жинақталуы, сарапталуы, бағалануы және пайдаланылуы қажет. Бұл жұмыстар да өз кезегінде криминалистика зерттең оқытатын белгілі зандылықтарға бағынады.

Криминалистиканың практикалық маңызы да атапған зандылықтар негізінде қылмысты ашу, тергеу және алдын алу мәс-сатына қажетті техникалы-криминалистік құралдарды, әдістер мен тәсілдерді өңдеумен, жетілдірумен және дамытумен байланысты.

Криминалистика ғылымының пәні екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі зандылықтардың үш тобын қамтиды:

- қылмыс тетігінің зандылықтары;
- қылмыс және оған қатысушылар туралы ақпараттың пайда болу зандылықтары;
- дәлелдемелерді жинақтау, зерттеу, бағалау мен пайдалану зандылықтары.

Криминалистика пәнінің екінші бөліміне қылмыспен құреп-суге қажетті криминалистік құрал-жабдықтарды, тәсілдер мен әдістерді ойлап шығару, практикаға енгізіп пайдалану және оларды жетілдіру жатады.

Осы кезге дейінгі жарық көрген зан әдебиетінде криминалистикаға пәндік сипаттама беру мәселе сіне үлкен назар аударылып, көп пікір таластар болғандығы байқалады. Ол орынды құбылыс, себебі әр пәннің магынасын терен түсіну арқылығана оның маңызын біліп, негізгі қағидаларын дұрыс та тиімді пайдалануға болады. Берілген түрлі пәндік сипаттамаларды корыта келгенде, олар негізінен криминалистиканың қылмысты ашуға және тергеуге қажетті ақпаратты, заттай дәлелдемелерді іздеп тауып, бекіту, зерттеу үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер, сол үшін қылмысты-іс жүргізу занға сәйкес пайдаланылатын техникалық құралдарды, әдістер мен тәсілдерді оқытатын ғылым екені айттылады. Сонымен катар, криминалистік тәсілдер мен әдістер тек қылмысты тергеу мен ашудағана емес, қылмыстын алдын алуға бағытталған және олар алдын ала тергеуде, сот мәжілісінде, кейбір сот іс-әрекетін жүргізуде колданылады.

Жоғарыда айттылған зандылық элементтерін толығымен қамтып, жан-жақты тұжырымдай келіп, заманымыздың белгілі де

беделді криминалист ғалымы, заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Р.С. Белкин криминалистика пәніне төмөндегідей пәндік сипаттама берген.

Криминалистика – бұл қылмыс тетігінің зандылықтары, қылмыс және оның қатысуышылары жөніндегі акпараттың пайда болуы, сонымен бірге дәлелдемелерді жинақтау, бағалау мен колдану туралы және қылмысты ашу, тергеу және алдын алуға бағытталған әдіс-тәсілдерінің танымдылық зандылықтары туралы ғылым.

Криминалистикада колданалатын тәсілдер мен әдістер дәлелдемелерді жинақтауға бағытталған. Дәлелдемелерді жинақтау төрт кезеңнен тұрады, олар:

- дәлелдемелерді немесе іздерді іздең табу;
- оларды бекіту;
- оларды алу;
- алынған заттай дәлелдемелерді немесе іздерді алу барысы мен қорытындысын рәсімдеу.

Заттай дәлелдемелерді немесе іздерді табу дегеніміз – ол тергеу органдарының қылмысты ашуға, керекті дәлелдерді іздеуге байланысты жүргізілетін жұмыс әрекеті. Айғақ заттарды іздеуге арнаулы әдіс-тәсілдер және техника-криминалистік құралдар колданылмаса, арнайы дайындықтан өткен маман болмаса, қылмысты дәлелдеуге қажетті іздерді, микрообъектілерді жай көзбен қарап тез арада тауып алу онайлықпен келетін жұмыс емес. (Мәселен, колдың майлы тер іздері).

Бекіту дегеніміз – криминалистік түрғыда іздең тауып алынған дәлелдеме заттарды, іздерді сол күйінде сактап қалу үшін оларды арнаулы криминалистік тәсілдермен белглеу. Табылған дәлелдеме заттар, іздер іс жүргізу құжаттарында толық сипатталып жазылады, фотосуретке түсіріледі, арнаулы жабдықтарды колдану арқылы үлгісі алынады, т.б.

Дәлелдемелерді зерттеу деп қылмыстық іс бойынша жинақталған заттай дәлелдемелерді немесе іздерді құзырлы тұлғалар занды түрде кабылдап, олардың пайда болу тегін және қаралып отырған қылмыстың басқа да материалдарымен карым-қатынасын тексеруін айтамыз. Іс бойынша занды түрде жинақталған және бекітілген заттай дәлелдемелер криминалистік түргидан жан-жақты зерттеліп, қайдан калайша пайда болғандығы тергеудегі қылмысты оқиғага қандай дәрежеде қатысы бар екендігі анықталады. Сонымен қатар жеке іздерді, кейбір зат-

тай дәлелдемелерді тексеруге арнаулы білімділік кажет болған кезде, күрделі криминалистік техниканы қолданып сарапшы зерттеуінен өткізеді. Сарапшылық зерттеуде дәстүрлі баска да күрделі физикалық, химиялық әдістер спектрографиялық талдау, газды, сұйық хроматографиялық зерттеулер және баска да көптеген ғылыми-техникалық арнаиы әдістер мен құралдар бар.

Криминалистиканың даму заңдары мен қағидалары

Криминалистика пәні өзіне тән даму заңдарына және қағидаларына сәйкес қалыптасып дамып отырады.

Заңдары:

- криминалистиканың қалыптасқан және казіргі кезде жаңадан пайда болған теориялары мен тұжырымдамаларының арасындағы өзара байланыста болу заны;
- басқа ғылымдардың осы құнгі жетістіктерін тез арада қылмыстық тергеу жүргізу өндірісіне енгізу заны;
- криминалистика ғылымы әдістемелік ұсыныстарының қылмысты ашуға, тергеуге және болдырмауга қажеттілігін арттыру және осы тәжрибелі криминалистика ғылымы жетістіктері негізінде үштастырып жетілдіру заны;
- криминалистиканың және де басқа қосалқы, текстес ғылым салаларындағы ғылыми-техникалық өрлеу негізінде криминалистиканың даму барысын үдетеу заны.

Криминалистиканың қағидалары негізінен мына көрсетілген үш бағытта болады:

шынайылық қағидасы, ол криминалистік ғылымы зерттеудердің қандай да болмасын саяси көзқарастан, ой-ұғымнан тәуелсіздігі, шынайы өмірдегі заңдылықтар мен құбылыстардың мүмкіндігінше дәлме-дәл бейнеленуін көрсетуіне негізделуі кажет;

тарихтық қағидасы, яғни криминалистика пәнінің мазмұнын, қызметін және байланыстарын басқа ғылымдармен динамикалық карым-қатынаста ұстап, олардың пайда болуымен және өзгерістерімен үштастырылып отыруы керек;

ғылымның жүйелілік қағидасы бойынша криминалистиканың жеке бөлімдерінде оқытылатын құбылыстар мен фактілер бір бүтіннің бөліктері ретінде өзара байланысты да тәуелді түрде қарастырылуы қажет.

Криминалистік зерттеу акпаратының негізгі бастаулары төмөндедей:

а) қылмыспен, құқық бүзушылықтың түрлерімен құресті. Қылмыстық іс жүргізуде қалыптасатын әрекеттер мен қатынастарды реттейтін зандар мен олардан шығатын басқа да нормативтік актілері;

ә) қылмыстық, әлеуметтік және халықшаруашылық статистикасының ақпараттары;

б) құқық қорғау органдары жүргізетін қылмыстық, азаматтық істердің, түрлі тексеру материалдары; прокурорлық, тергеушілік, сараптамалық, жедел-іздестіру, сот практикасының құжаттары және қылмысты табу, ашу және алдын алу жұмысында колданылатын бакылау органдарының мәліметтері;

в) зан саласындағы және басқа ғылымдар саласындағы теориялық, әдістемелік, аныктамалық өдебиеттер, ғылыми-техникалық жетістіктер, ғылыми туындылар тұжырымдамалары және оларды іс-жүзінде пайдалану тәжірибесі мен қорытындылары;

г) ғылыми ізденістер мен олардың қорытындыларының практикада пайдасы барын дәлелдейтін құқық қорғау саласының мамандары мен қызметкерлерінің көзқарастары, қорытындылары, ойлары, ұсыныстары және т.б.

Криминалистиканың міндеттері мен қызметтері

Криминалистиканың міндеттері жалпы, арнаулы және накты болып үш топқа бөлінеді.

Криминалистиканың жалпы немесе басты міндеті құқық қорғау органдарына қылмыспен құресуде қылмыстық құқық, криминалогия, қылмыстық іс жүргізу құқығы және басқа да ғылымдар саласы сияқты оз тұрғысынан қөмектесу.

Әрбір ғылымның пәндік сипаттамасы, мазмұны ол ғылымның міндеттерімен тығыз байланысты, сондыктan жоғарыда талдаған криминалистиканың пәндік сипаттамасы оның ариаулы міндеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Криминалистиканың арнаулы міндеттері мыналар:

- Криминалистика пәннін негізін құрайтын объективтік зан-дышылқтарды одан әрі кеңейтіп оқып зерттеу, осы ғылымның жалпы және жеке теорияларын дамыту, олардың жалпы әдістемелік негіздерін жасау.

- Заттай дәлелдемелерді, іздерді тауып алу, бекіту, зерттеу үшін керекті жана криминалистік әдістер мен тәсілдерді одан әрі өндеп жетілдіру және осы әдістерді пайдалануға лайықты жана техникалық құралдар жасап шығару;

- алдын ала тергеу, сот тергеуінің және криминалистік сараламаның үйімдастырушылық, тактикалық және әдістемелік негіздерін жетілдіру. Әрбір тергеу әрекеттерінің тактикалық әдістерін өндөу арқылы олардың нәтижелігін арттыру;
- қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеудің әдістемесін өндеп жетілдіру үшін жана ұсыныстар енгізу.
- қылмысты азайту үшін криминалистік сактық шарапарын құқық корғау органдарына ұсыну.
- шет елдердегі криминалистика ғылымы жетістіктері мен тәжірибелерін қылмысты ашу, тергеу және алдын алу үшін пайдалану.

Криминалистиканың накты міндеттері тез уақыт аралығында орындалатын сипатта болып келеді; мәселен, осы ғылым алдында өзінің кейбір кезеңінде қылмыстың жана түрлерін немесе топтарын (тапсырыспен адам өлтіру, компьютерлік акпаратта байланысты қылмыстар) тергеу әдістемесін шығару міндеті койылады. Сонымен катар, накты міндет саласында соңғы кезде көтеріліп жүрген мәселеге, криминалистика жүйесіндегі бөлімдер санын төрттен беске дейін көбейту де жатады.

Осы жерде криминалистика пәнінің міндеттерімен катар оның негізгі қызметтерін (функцияларын) карастыра кету төмендегідей болып келеді:

- танымдық қызметі, яғни криминалистикамен жалпы таныстыру;
- әдістемелік қызметі, бұл криминалистика ғылымы мен пәні арасындағы қарым-қатынасты, ғылыми және тәжірибелік мазмұндарын дұрыс тұжырымдау;
- түсіндірмелік қызметі, криминалистика пәнінің ғылыми бейнесін, оның болмысын және элементтерін ашып көрсету;
- жүйелендіру қызметі, бұл осы кезге дейінгі жиналған ғылыми және тәжірибелік материалдарды бір жүйеге келтіру;
- құрастырмалық қызметі, яғни практикалық із танудағы құрал-жабдықтарды дамыту және жетілдіру;
- криминалистік зерттеу қорытындыларын практикаға енгізу қызметі;
- болжау қызметі, бұл қылмыспен құресте криминалистика ғылымында жинақталған деректерге, акпараттарға қарап, боялашакта қылмыс жасаудың қандай жолдары мен тәсілдері көбейетіндігін алдын ала болжап көрсету болылады.

Криминалистиканың жүйесі

Криминалистика жүйесі ғылымның пайда болуынан бастап бүкіл тарихы бойына дамып және жетілдіріліп отырады. Бұл процесс осы күнге дейін жалғасуда. Криминалистика өз алдына ерекше, дербес ғылым болғандықтан, оның өзі іштей өзара байланыстығы жеке бөлімдерінен құралған ғылым жүйесі болып табылады. Көптеген оқулықтарда дәстүрлі түрде криминалистика жүйесі төрт бөлімнен құралған, олар:

Криминалистиканың жалпы теориясы.

Криминалистік техника.

Криминалистік тактика.

Криминалистік әдістеме (қылмыстардың жекелеген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі).

Криминалистиканың жалпы теориясы криминалистика пәнінің әдістемелік негізі, оның ішкі және сыртқы дүниетаным қағидаларының, теориялық тұжырымдамаларының, үғымдарының, әдістерінің, терминдер анықтамаларының жүйесі. Бұл бөлімде криминалистиканың пәндік сипатамасы беріледі, оның жеке бөлімдерінің қысқаша мазмұны мен бөлімге жіктелуі, криминалистикада пайдаланатын жалпы ғылымдық және арнаулы әдістер көрсетіледі, криминалистік сәйкестендіру (идентификация), криминалистік тергеу жорамалдауының теориялық негіздері, тергеушінің қылмыстық іс жүргізу degi қарым-қатынас қағидалары қаралады.

Криминалистік техника бөлімінде заттай дәлелдемелерді және іске қатысты деректерді ізлеп табуға, бекітуге, зерттеуге керекті тәсілдер мен әдістерді, колданылатын қажетті техникалық құралдарды қарастырады. Бұл бөлім жеке ірі-ірі салалардан тұрады да, оларда криминалистика техникасында қолданылатын тәсілдер мен құралдар көрсетіледі, атап айтқанда: микроскопиялық зерттеу тәсілі, өлшеу техникасы, спектрдің қозға көрінбейтін сәулелерін /инфракызыл, ультракүлгін, рентген/ зерттеу, люминесценттік талдау, т.б. криминалистік зерттеу тәсілдері мен әдістері сипаталады.

Криминалистік техниканың күрделі де, негізгі салаларының бірі — криминалистік фотография. Бұл бөлімде жедел-іздестіруде және сот зерттеуінде фотосурет заттай дәлелдемелерді бекіту, зерттеу үшін пайдаланатын тәсілдер мен әдістер ретінде қарастырылады. Бөлімнің жеке тарауларында іздерді, күжаттарды,

атыс құралдарын, олардың бөлшектерін, ок-дәрілерді, т.б. объективті зерттеп, тексеру әдіс-тәсілдері көрсетіледі.

Криминалистік тактика (тергеу тактикасы) тергеу әрекеттерін жүргізгенде колданылатын тиімді де нәтижелі әдістерді, оларды колдану қағидаларын қарастырады.

Тергеу жұмысында әр түрлі тергеу әрекеттерін жүргізуге бейімделген арнаулы тактикалық әдістер көрсетіледі. Тактикалық тәсіл – тергеу әрекеттерін жүргізудін неғұрлым ұтымды және нәтижелі жолдары. Әр тергеу әрекетінің ерекшелігіне байланысты тиімді, пайдалы тактикалық тәсіл ұсынылады. Мәселен, оқиға болған жерді қарауға ұсынылатын тактикалық әдіс – ол заттай дәлелдемелерді, іздерді, оқиға болған ортаны рет-ретімен, жүйелі түрде дәйекті қарау; тінтуге ұсынылатын тактикалық әдіс – ол тінту жүріп жатқанда тергеуші үй иесінің мінез-құлқына, қысынға келмейтін әрекет-кимылына назар аударуы; логикаға сәйкес алып қарағанда, ізден жатқан заттың кай жерге тығылғанын болжау; жауап алушың тактикалық әдісі – ол тергеушінің жауап беруші адаммен (куә, жәбірленуші, айыпкер) психологиялық жағынан дұрыс қатынас жасап, қылмыстық істегі деректерді жауап алу барысында орынды, ретті пайдалану, т.б.

Аталған тактикалық әдістер және басқа да тергеу әрекеттерінде колданылатын әдістер мен тәсілдер іс-жүргізу занына кайшы келмей, тек тергеу әрекеттерінің нәтижелі және тиімді отуіне бағыттылады.

Криминалистік тактика басқа бөлімдермен, соның ішінде криминалистік техникамен де тығыз байланысты. Егер криминалистік техника техникалық тәсілдер мен құралдарды пайдалану жөнінде жалпы ұғым берсе, тергеу практикасы бұлардың тергеу әрекеттерінің ерекшелігіне байланысты қолдануға болатынын айтады. Мәселен, оқиға болған жерді қарау тактикасында айылғандай, бұл тергеу әрекеттерін жүргізгенде қандай техникалық тәсілдер, құрал-саймандар қолданылатыны, олардың пайдалану әдісі баяндалады.

Криминалистік әдістеме (қылмыстардың жекелеген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі) – бұл бөлімде жеке қылмыстар бойынша жүргізілетін тергеудің әдістемелік тәртібі көрсетіледі, себебі әрбір қылмыс түрін тергеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты жеке бір істі тергегенде колданылатын техникалық және тактикалық тәсілдер мен әдістер тергеліп жатқан қылмыстың ерекшеліктеріне

бейімделеді. Сондыктан техникалық тәсілдер, әр тергеу әрекеттерінің техникалық әдістері осы ерекшелікке байланысты қолданылып, осы қылмысты ашуға, іс бойынша дәлелденетін барлық мәселелерді шешуге бағытталады.

Негізгі мақсат — қандай да болмасын қылмысты тез арада ашып, толық тергеу жүргізу болғандыктан, оны криминалистік тұрғыдан талдаپ, криминалистік сипаттамасын беру керек. Талдау кезінде аталған қылмыс әдетте қандай әдістермен жасалады, қылмыскерлер қылмыстың ізін жасыру үшін қандай әрекеттер қолданады және осыған байланысты қоршаған ортада қандай іздер қалуы тиісті екені көрсетіліп белгіленеді. Криминалистік сипаттамада қылмыскердің мінезд-құлқы және басқа типологиялық қасиеттері баяндалады, жәбірленушінің карсылық әрекеттері және осыған байланысты қылмыс жасалған жерде қалуы мүмкін деген іздер белгіленіп нактыланады.

Криминалистика жүйесінің барлық болімдері бір-бірімен өте тығыз байланыста. Жоғарыда айтылғандай, криминалистиканың жалпы теориясы бүкіл осы ғылымның әдістемелік негізі болып табылады. Криминалистік техниканың мүмкіншіліктері әр түрлі тергеу әрекеттерін жүргізгенде (тергеу қарауы, жауап алу, тінту, тергеу эксперименті, т.с.с.) қолданылады. Ал, жеке криминалистік әзірлемелерді жасағанда техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді және тергеу әрекеттерін жүргізуін тәтиқталық тәсілдердің пайдалану ерекшеліктері ескеріледі.

Криминалистиканың әдістері

Криминалистиканың әдістері туралы ілім криминалистиканың жалпы теориясының негізгі элементтерінің бірі болып саналады.

Әдістер, қандай да ғылым саласында болмасын, сонын ішінде криминалистика да, күбылыстарды шынайы танудың бірден-бір жолы болып табылады. Криминалистикада қарастырылатын және қолданылатын әдістер әр түрлі, олар көптеген логикалық негіздемелер бойынша топтасуы мүмкін.

Жалпылама қағидасы бойынша криминалистика әдістері жүйесін үш негізгі деңгейде қарастыруға болады, олар: жалпына бірдей әдіс – диалектикалық материализм; жалпы (жалпы ғылыми) әдістер; арнаулы әдістер. Жалпыға бірдей әдістің құрамын диалектикалық және қалыпты логика құрайды.

Жалпы ғылыми әдістер барлық (немесе көбінесе) ғылымдар мен тәжірибе аумағын қамтиды да криминалистикада ғылымның мақсаты мен пәннен тұратын заныңдылықтармен анықталады. Жалпы ғылыми әдістер арасында әдістердің негізгі топтарын айырып қарасақ:

сезімге рационалдық әсер етуші әдістер қатарына бақылау, сипаттау, бейнелеу, салыстыру, эксперимент жүргізу, үлгілеу жатады;

Бақылау – бұл алдын ала бағытталған мақсатты түрде белгілі-бір объектіні қабылдау құбылысы. Бұл жұмыспен тек ғалым-криминалист қана емес, тергеуші, жедел іздестіру қызметкері, прокурор, сот та айналысады.

Бақылау барысында логикалық әдістер қолданылады, олардың қатарына:

анализ (талдау); синтез (жинактау); индукция (жекеден жалпыға бағытталған ойлау); дедукция (жалпыдан жекеге бағытталған ойлау); гипотеза (жорамалдау); аналогия (ұқсастық) жатады;

Сипаттау – бұл анықталған және жүргізіліп жаткан зерттеуге катысы бар кейір объектілердің белгілерін сипаттап зерттеу немесе басқа әдістер арқылы алынған ақпаратты анықтап тіркеу тәсілі болып табылады.

Бейнелеу әдісі криминалистикада деректі затты не белгілі бір оқиғаны суреттеп жазу үшін өте жиі қолданылады, сондыктан оған кеңірек токтаған жөн. Бейнеленіп отырған объектінің өзіне тән белгілерін сипаттау арқылы жалпы объект жөнінде үгым беріледі. Объектінің белгілерін тауып, оны бейнелеу жөндирияда көрсетілген бақылау немесе өлшеу тәсілдерін қолдану арқылы қабылданып баяндалады. Бейнелеу ауызша, не жазба-ша түрде қолданылып жүрген криминалистік жіктеу жүйесі бойынша суреттеледі. Бейнелеуді бекіту үшін техникалық құралдар, атап айтқанда, фотоаппарат, бейнекамера, магнитофон, т.с.с. қолданылады. Криминалистикада бейнелеу арқылы жеке іздер, колжазбалар, ок-дәрі және адамдардың сыртқы келбеті суреттеліп жазылады. Бейнелеуді қолдану тәсілдері занға сәйкес болуы тиісті.

Зерттелетін объектілердің қасиеттері мен белгілерін қабылданап бекіту үшін оптикалық және басқа ғылыми-техникалық құралдар – микроскоптар, спектрофотометрлер, газохромометрлер кеңінен пайдаланылады.

Бейнелеп сипаттаудың екі түрі бар. Бірінші жағдайда объектілер мен кұбылыстар тікелей қарап сипатталса, екінші жағдайда олар басқа деректерден алған ақпараттар арқылы ғана бейнеленіп жазылады. Мәселен, тергеуші заттай дәлелдемелерге тән қасиеттерді өзі тікелей көріп қарап, қабылдау арқылы хаттамаға жазады, ал басқа бір жағдайларда ол өзі көрмеген объектілерді де бейнелеп хаттамаға түсіруіне тұра келеді. Атап айтқанда, қылмыс жасады деген құдікті адамның бет-әлпетін жөне басқа белгілерін хаттамаға тергеуші осы адамды көрген күәнің айтуымен сипаттап жазады. Объектілер (не кұбылыстар) кейде толық бейнеленіп, ал кейбір жағдайларда үзінді түрінде де суреттеледі. Жағдайға байланысты объектіні (не кұбылысты) толық сипаттап жазуға мүмкіншілік болмаған жағдайда тергеуші объектінің тек елеулі белгілерін алдын ала көрсетіп, толық сипаттамасын хаттамаға кейін бейнелеп жазады.

Уақыт өткен сайын, объектілерге (не кұбылыстарға) тән белгілер (қасиеттер) ескіреді, немесе жойылып кету де мүмкін. Сондықтан тергеу қарауы кезінде қабылдаған белгілер дер кезінде толық сипатталып жазылуы қажет. Қаралған объектілер туралы ақпараттар қылмысты дәлелдеуге пайдаланылатындықтан, олар хаттамада бұрмаланбай, өзгеріссіз жазылуы керек.

Салыстыру әдісі – бұл екі немесе бірнеше объектілердің өзіне тән белгілерін теңеп, салыстырып көру. Салыстыру әдісі криминалистикада ең жиі қолданылады және ол өте құрделі логикалық талдауды қажет ететін ойлау үрдісі. Екі немесе бірнеше объектілерді өзара салыстырғанда, алдымен әр объекті жеке алынып зерттеледі. Салыстыру бірнеше сатыдан тұрады. Оның бірінші сатысында зерттеліп отырған объектілерге тән қасиеттер мен белгілер сұрыпталып алынады.

Бұл жерде аса көңіл аударатын нәрсе – салыстыру негізіне алынатын қасиеттер мен белгілер осы объектіге тән және тұракты, басқа объектілерде жиі кездеспейтіндей болуы қажет.

«Қасиет» пен «белгі» ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен тең мағыналы ұғым емес. Объектідегі сәйкес-тендірілетін белгі зерттеп отырған объектінің ерекшелігіне байланысты; кейбір объектінің қасиетін бірден ангарып қабылдауға болады, ал кейбір объектінің тек белгілерін қабылдаپ, сол арқылы қасиетін білуғе болды. Мәселен, аяқтың ізінде қалған белгілер арқылы ізді қалдырған адамның аяқ алыс ерекшелігін ажыратуға болады (женіл жүріс, кербез жүріс, адам ұлкен, аяғы аксап басады, т.б.).

Әрине, бірнеше объектіде бірдей немесе үксаң касиет пен белгі болуы мүмкін. Бірақ көп жағдайларда бір не екі бірдей белгіні негізге ала отырып, салыстырып отырган объектілердің тепе-тәндігі туралы айтуға болмайды. Сондыктан әр объектінің жеке зерттегендеге бірнеше касиеттер мен белгілер сұрыпталып, олардың осы күйінде басқа, осыған үксаң объектіде болмайтынын анықтау қажет болады. Салыстырылмақшы объектілерден осындай касиеттер мен белгілер жинағын тапканнан кейін, зерттеуші салыстырудың екінші сатысына көшеді. Зерттеу кезеңінде салыстырып отырган екі немесе бірнеше объектіден сұрыпталып алған белгілер бір-бірімен салыстырылып олардың үксастьығы, не өзгешелігі аныкталады. Салыстырудың үшінші сатысында белгілерді бір-бірімен тенестіріп, салыстыра тұжырымдай отырып, зерттеуші бір белгілі корытынды шығарады. Ол үшін зерттеуші логикада колданылатын талдау, жинактау, абстракциялау, болжау және т.б. әдістерді пайдаланылады.

Эксперименттік зерттеу әдістері болған оқиғаға қатысты кейбір құбылыстарды криминалистік зерттеу және объективті шынайы тану мақсатында ғылыми тәжірибелерге негізделеді. Аталған әдіспен криминалистикада заттарды зерттегендеге, қылмысты тергегендеге пайда болған болжамдар әр түрлі тәжірибелер арқылы нақтыланады. Бұл әдістің негізгі міндеті – әр түрлі құбылыстардың немесе заттардың маңызы мен жағдайын, негізгі касиетін, табиғаты мен жаратылышын анықтау. Эксперименттік тәжірибелер жүргізгенде жоғарыда көрсетілген бақылау, өлшеу, сипаттау әдістері де пайдаланылады. Жүргізіліп жатқан тәжірибенің міндетіне байланысты эксперимент сарапшы экспериментті және *тергеу* экспериментті болып екіге болінеді. Сарапшы экспериментті сараптама жүргізуге керекті үлгілерді алуға, кейбір құбылыстардың жұру барысын бақылауға (мәселен, іздің пайда болу тетігін тексеруге) және сараптауда колданылатын (физикалық, химиялық, т.б.) әр түрлі әдістердің тиімділігін, нәтижелігін тексеруге бағытталады. Тергеу экспериментті іс бойынша, тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы табылған ақпараттарда көрсетілген оқиғаның шындығын тексеру үшін, болған оқиғаның қайтадан бүрінші қалпына келтіріп, оған үксаң жағдайларда тәжірибені жүргізу арқылы орындалады.

Үлгілеу дегеніміз объектінің түп нұсқасын үлгімен, яғни арнайы құрылған үксастьықпен ауыстыруға негізделеді. Олар заттардың, құралдарлың, құбылыстардың, жүйслердің және

процестердің сүмбілері болуы мүмкін. Осы ұлтілермен қажетті зерттеулер жүргізіліп, осыдан алынған қорытындылар түпнұсқаға негізделеді. Криминалистикада ұлғілеудің ойша, физикалық, математикалық, кибернетикалық және басқа да түрлері жасалады.

Адамның табиғи көру мүмкіншілігі шектелген, оның көзі объектінің бар белгісін, оған тән касиетін толығымен көріп сезе алмайды. Оларды көру үшін ерекше бір әдіс, техникалық құралдар керек. Көздің көру шегін кеңейту арқылы, заттардың бастапқыда анық көрінбейтін белгісін қарап қабылдауды құрделі бақылау деп атайды.

Өлшеу әдісі криминалистикада объектілерді зерттеу барысында өте жиі қолданылады. Өлшеу мына математикалық тәсілдерді қолдану арқылы жүргізіледі:

- өлшеу;
- есептеу;
- геометриялық құрылыш;
- математикалық модельдеу т.с.с. жатады.

Объектілердің салмағы, қолемі, екі не болмаса бірнеше объектілердің өзара арақашықтығы есептеліп шығарылады және өлшеу арқылы кейбір заттардың тән касиеттерінің сандық сипаттамасы беріледі. Кейбір оқиғалардың, құбылыстың болған уақытын да өлшеу арқылы шешуге болады. Өлшеу әдісі міндепті түрде әр түрлі – қарапайым және құрделі өлшеу құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі. Объектілерді зерттегендеге кейде тікелей өлшемнің қорытындысын негіз есебінде ғана пайдаланып, құрделі инженерлік не математикалық формуулаларды қолдана отырып, акырғы өлшеу қорытындысын табуға болады. Мәселен, автокөліктің жол апаты алдында қандай жылдамдықпен келе жатқанын есептеп шығару үшін, тікелей өлшеу арқылы тежелу жолының ұзындығын өлшеп, оның қорытындысын формулаға енгізу керек. Бұл мысалды тікелей өлшеуді тергеуші жүргізсе, құрделі өлшеуді сарапшы жүргізіп, өлшеу қорытындысын тауып шығарады.

Eсептеу объект немесе құбылыс параметрлерін анықтауда және математикалық ұлғілеуде қолданылатын қажетті әдіс болып саналады.

Геометриялық құрылыш әдісі өлшеумен өте тығыз байланыста, ол жоспарларды (мәселен, оқиға болған жердің жоспары), сызбаларды, графиктерді, кестелерді құрастыруда пайдаланылады.

Математикалық модельдеу математикалық есептердің көмегімен үрдістер мен құбылыстардың өту жолдарын, шарттарын үлгілейді.

Кибернетикалық әдістер – криминалистикаға сонғы жылдары өмірге белсенді еніп жатқан компьютерлендіру негізіндегі ғылыми жана әдіс түрі. Бұл әдістің негізінде жаңа ақпарат беретін технологиялардан ақпараттарды, компьютерлік модельдеуді және т.б. жедел іздестіру мен автоматтандырылған өндеуді жүзеге асыру мүмкіндігі туындаиды.

Эвристикалық әдістер – бұл криминалистиканың жалпы ғылыми әдістер катарына жаңа эвристика ғылымынан сонғы кезде қосылды, яғни терен де тиімді түрде ойлау нәтижесінде жаңаңыз қабуды білдіреді.

Арнаулы (жеке) әдістер криминалистикада осы жоғарыда көрсетілген әдістермен катар кеңінен қолданылады. Арнаулы криминалистік зерттеу әдістері меншікті және басқа ғылымдардан алынған деп аталатын екі топқа бөлінеді.

Бірінші топтагы арнаулы әдістер – тек криминалистика ғылымындаға зерттелген және криминалистика ғылымымен қолданылатын әдістер. Олардың катарына, мысалы, криминалистік сәйкестендіруді, дактилоскопияны, криминалистік фотосуреттің көптеген әдістерін, баллистиканы, күжаттарды техникалық зерттеу, тергеу әрекеттерін жоспарлау, тергеуді үйімдостиры әдістерін жатқызуға болады.

Бұл әдістердің ішінде айрықша орын алатын әдістердің бірі – техникалық криминалистік зерттеу тәсілдері, атап айтқанда оқиға болған жерді суретке түсіру әдістері, түстерді бөліп суретке түсіру, қарама-қарсы түстерді күшейту арқылы суретке түсіру, саусактардың папиллярын өрнектерін жіктеу әдісі, атылған оқ пен қауызды (гильзаны) мылтықпен сәйкестендіру, тергеу әрекетін жүргізуде қолданылатын тактикалық әдістер т.б.

Екінші топтагы арнаулы әдістер басқа ғылымдарда пайда болған әдістерді криминалистік объектілерді зерттеуге бейімдеу арқылы пайда болған. Арнаулы әдістердің екінші тобына: заттар мен материалдардың құрамы мен құрылымын, химиялық, физикалық және физика-химиялық қасиеттерін талдау әдістері, биологиялық, антропологиялық, антропометриялық, психологиялық, әлеуметтанушылық, микроскопиялық зерттеу, спектрдің көзге көрінбейтін инфракызыл, ультракүлгін сәулелерін, рентген сәулесін пайдалану арқылы зерттеу, спектрлік талдау, т.б. әдістері жатады.

Криминалистиканың меншікті және басқа ғылымдардан алынған арнаулы әдістеріне алдын ала тергеуде, сот тергеуінде, сот сараптамасын жүргізуде колдану үшін олардың белгілерін бағалауға және колдануға төмендегідей талаптар койылады:

а) әдістің ғылымилығы, яғни оның ғылымға негізделгендігі, алынатын корытындылардың шынайылығы, нактылығы мен тұрактылығы, әдістемелік қалыптасуы;

ә) әдістің қауіпсіздігі, яғни оны колдану адамдардың өмірі мен денсаулығына зиянсыз болуы;

б) әдістің зандылығы мен этикаға сәйкестігі, яғни оны пайдалану зандылықтың конституциялық қафидаларына және қоғамдық тәртіп талаптарына, қылмыстық іс-жүргізу құқығына сай, адамдардың құқығын бұзбайтындаи, ар-ожданына кір келтірмейтіндей дәрежеде болуы;

в) әдістің тиімділігі, яғни әдіс қысқа мерзімде алға қойған мақсатқа толық жеткізіп, жұмсалған күш пен шығынға тұратындаи корытынды алууды қамтамасыз етуі кажет.

Криминалистиканың ғылымдар жүйесіндегі орны

Криминалистика қылмысты ашуға және тергеуге керекті заттай дәлелдемелерді қылмыстық іс жүргізу заңына сүйене отырып, іздең табу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланылатын техникалық құралдар, тактикалық әдістер мен тәсілдер жөніндегі ғылым болғандықтан, басқа да өзі тектес заң ғылымдарымен тығыз байланысты, өйткені оның қөптеген тәсілдері мен әдістері осы ғылымдардың қафидаларына негізделген.

Криминалистика ен алдымен қылмыстық және азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымдарымен тығыз байланысты. Себебі, біріншіден, криминалистика өз алдына ғылым болып бөлініп шыққанға дейін, бастапкы даму кезеңінде қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымының шенберінде қалыптасса, екіншіден, криминалистиканың зерттеп дайындаған тәсілдері мен әдістері қылмысты ашуға, тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге негізделсе, қылмыстық іс жүргізу заңы осы тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібін бекітеді. Яғни, екі пәннің де зерттейтіні – тергеу әрекеті. Бірақ, олардың осы іс жүргізу әрекеттерін оқып текстеру аспектісінің мазмұны әр түрлі. Криминалистік тәсілдер мен әдістер тергеу әрекеттерінің тиімді және нәтижелі жүруіне бағытталған. Олар қылмыстық іс жүргізу заңында көрсө-тілмеген, заң қалпының мазмұнымен қамтылмаған. Бірақ, криминалис-

тика ұсынған кез келген әдіс, тәсіл, не құрал іс жүргізу заны шенберінен шықпауды тиіс және занға қайшы болмауы керек.

Криминалистика қылмыстық құқық ғылымымен де тығыз байланыста. Қылмыстық құқық ғылымы қоғамға қауіпті әрекеттердің қайсысы қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, әр қылмыстың қылмыс құрамдық белгілерін негізге ала отырып, криминалистік талдау жүргізіп, қылмысты ашуға керекті белгілерді нактыладап, қылмыстық іс бойынша дәлелденуге тиісті мән-жайларды, шешетін сұраптарды белгілеп және қылмыстарды тергеу жолдарын көрсетіп отырады.

Криминология криминалистикаға жақын ғылымдардың бірі болып саналады. Бұл ғылым қылмыстың болу себептерін, оның әлеуметтік негіздерін және түр аралық өзгешеліктерін, оның алдын алу шараларын қолдану тәсілдерін зерттейді. Криминология қағидаларын негізге ала отырып, криминалистика тергеушінің жеке істерді жүргізгенде қылмыстың болуына ықпал еткен жағдайларды толық анықтап, бұл себептер мен жағдайларды жою үшін қандай әрекеттер жүргізуі керектігін белгілейді.

Ұзак уақыт бойы криминалистика мен азаматтық құқық арасындағы қарым-қатынас төменгі деңгейде болып келді. Казіргі кезде нарыктық қатынастардың өсуіне байланысты және шаруашылық дауларды шешуде сот реттеуінің рөлі көтерілген кезде бұл қарым-қатынастар кеңейіп, күшіне түсті. Негізінен бұл жұмыс криминалистік зерттеулер мен сараптауларды (трасологиялық, құжатты зерттеу және т.б.) пайдалану арқылы жүргізіледі.

Криминалистика жедел-іздестіру қызметі мен ол қолданылатын арнаулы техникамен де тығыз байланыста.

Криминалистика ғылымы әкімшілік құқық және қылмыстық атқару құқығымен өзара байланысты.

Криминалистика және қылмыстық статистика.

Криминалистика және сот сараптамасы (экспертологиясы).

Аталған ғылымдар мен пәндерден басқа криминалистика қылмысты зерттеуге қатысты үғымға кіретін сот медицинасы, сот психиатриясы, сот психологиясы пәндерімен де тығыз байланысты, өйткені қылмысты ашу, оны тергеуге арналған криминалистік тәсілдер, тергеу іс-әрекеттерін жүргізу әдістері осы жоғарыда аталған пәндердің қағидаларын құрайды.

Криминалистика тек заң ғылымдары ғана емес, сонымен катар басқа ғылымдармен де, атап айтқанда қоғамдық ғылымдар – философия, этика, логика, психология, педагогика және т.б., жаратылыстану және техникалық ғылымдар – биология, медицина, физика, химия, математика, геометрия ғылымдарымен де байланысты, өйткені қылмысты тез арада ашу үшін, өз әдістерінің нәтижелігін арттыру үшін, криминалистика жоғарыда аталған ғылымдарда қолданатын тәсілдер мен әдістерді, техникалық құралдарды өз қажетіне бейімдең, қолданып отырады.

Криминалистика дамуының қысқаша тарихы

Қандай да болмасын ғылыммен танысқанда, білген онын тарихы, пайда болу мен даму сатыларын білген жөн.

XIX ғасырда Еуропа мен Америка елдерінде ғылым мен техниканың айқын дамуы көсіби үйымдастан қылмыстардың көбеюіне, ал ол өз кезегінде техника мен байланыстың жана құралдарының пайда болуна ықпал жасады. Мемлекеттердің жазалау органдарының бүрынғы пайдаланып келген құралдары мен әдістері енді қылмыстардың құрделі түрімен құресте дәрменсіз болып қалды. Бұл XIX ғасырдың сонына қарай жана ғылым саласы – криминалистиканың қалыптасуына себепші болды.

Жаңа ғылымның іргетасын қалаған бірнеше ғалымдар ішінде алғашқысы Франция ғалымы Альфонс Бертильон болды. Ол криминалистік тіркеудің, антропометриялық әдісін, сигнаletикалық фотосурет негізін, оқиға болған жердегі метрикалық фотосуретке түсіруді, сөзбен айтқан бейнені шығаруды қалыптастырыды.

1882 жылы австрия сот тергеушісі Ганс Гросстың «Криминалистика жүйе ретінде сот тергеушілеріне жетекші құрал» атты жұмысы жарық көрді. Бұл еңбегінде автор сол кездегі қылмысты тергеудің жана әдістері мен тәсілдерін көрсетіп, олардың жана өндеду жолдарын көрсетті. Бұл кітапта Г.Гросс жаңа ғылым саласын «криминалистика» терминімен атауды тарихта бірінші болып ұсынды. Осы кезең, криминалистика – ғылымының жана саласы ретінде қалыптасуының басталуы болып саналады да, Ганс Гросс криминалистиканың негізін қалаушы деп танылады.

Ағылшындар Вильям Гершель, Генри Фольдс, Френсис Гальтон, Эдвард Генри қазіргі трасология бөлімі ретінде дак-

тилоскопияның негізін қалаған. Ал, Францияда Эдмон Локар өзінің «Қылмысты тергеудегі ғылыми әдістер» және «Криминалистикадан басшылық» және т.б. жұмыстарында заттай ай-фактарды зерттеу әдістемелерін шыгарды.

Швейцария ғалымы Рудольф Арчибалд Рейс «Қылмысты тергеудің ғылыми техникасы» еңбегін жазып, дүние жүзінде ең бірінші болып сараптама-криминалистік лабораториясын құрып, полиция қызметкерлерін заттай дәлелдемелерді зерттеудің ғылыми әдістеріне үйрететін оқыту курстарын ұйымдастырды.

Криминалистиканың дамуына Ресей криминалистері де үлкен үлес қости. «Құжаттардың сот сараптамасы, оны қолдану мен жүзеге асыру» кітабының авторы Е.Ф. Буринский 1903 жылы Петербургте бірінші сот-фотосурет лабораториясын іске қости. С.Н. Трегубов өзінің (1915) «Қылмыстық техниканың негізі» атты практикалық жұмысында қылмысты ашуда, тергеуде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану жолдарын ашып көрсетті. Ал, Б.Л. Бразоль «Тергеу бөлімі бойынша очерктер. Тарих. Тәжірибе» (1916) шығармасында тергеу карауы тактикасын қарастырды.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында ресейлік сот-сараптама мекемелерінің жүйесі пайда болды. 1892 жылы Петербургтің сот палатасы прокурорының сот фотографиялық лабораториясы, 1812 жылы Петербургте ғылыми-сот сараптама кабинеті құрылып, кейін (1913–1914) осындай мекемелер Мәскеуде, Киевте, Одессада ашылды.

Ресей криминалистері 1917 жылғы Казан революциясынан кейін де криминалистиканың дамуына үлкен үлестер қости. Өткен ғасырдың 20 жылдарында қылмысты ашу мен тергеуге, тергеу әрекеттерін жүргізу мәселелеріне байланысты қоپтеген жұмыстар жарық көрген. Солардың ішінде П.С. Семеновскийдің «Дактилоскопия – тіркеу әдісі ретінде» атты монографиясы (1923), С.М. Потаповтың «Сот фотографиясы» атты оқулық құралы (1926), И.Н. Якимовтың «Қылмыстық құралдар мен тәсілдерді қолдану» атты жұмысы (1925), сонымен бірге оның осы жылы шықкан «Криминалистика» (1925) кітабы Ресейде шықкан бірінші оқулықтар болды.

Совет үкіметінің даму кезінде криминалистиканың қоپтеген мәселелерін дамытқан белгілі ғалым-криминалистер ішінде В.И. Громов, С.А. Голунский, А.И. Винберг, Е.И. Зицер, Б.М. Шавер, Н.В. Терзиев, Б.И. Шевченко, Б.М. Комаринец, Л.Е. Ароцкер, А.А. Эйсман, А.Р. Ратинов, Р.С. Белкин, Н.П. Яб-

лолов, И.М. Лузгин, Гинзбург және тағы баскаларды айтуға болады.

Криминалистиканың қылмысты ашуда және тергеуде қолданылуының негіздері

Қылмысқа қарсы құресу практикасында тергеу және жедел-іздестіру органдарының жұмыстарын одан әрі жетілдіріп, іскерлікпен қолдануда криминалистиканың ғылыми негіздерін игеру өте қажет.

Елімізде жүріп жатқан әлеуметтік өзгерістерге байланысты соңғы жылдарда қылмыс өрши түсіп, оның ішінде аса қауіпті де құрделі қылмыстардың жасалу саны одан әрі өсіп отыр.

Сондықтан тергеу органдарының жұмысын одан әрі жақсарту үшін, қылмысты ашуда, тергеуде нәтижелі және тиімді тәсілдерді жан-жақты пайдаланылу уақыт талабы. Болған қылмысты тез арада ашып, қылмыс жасаған адамдарға тиісті жаза тағайындау қылмысқа қарсы құрестің нәтижелігін арттырады, кейбір адамдарды қылмыс жасаудан сақтандырады.

Криминалистика тергеу және басқа да құқық қорғау органдарының жұмысының іскерлігін арттыруға үлкен әсер етеді, өйткені криминалистика тергеу практикасын талдап, корыту арқылы, қылмысты ашуға бейім тәсілдерді тауып, оларды қолдану үшін керекті техникалық құралдарды тергеу қызметкерлеріне дайындал беріп отырады.

Болған оқиғаны жан-жақты және объективті түрде анықтау үшін тергеуші орын алған жағдайды дұрыс болжап, жасалған қылмыс өрекеттің тетігін ойымен калыптастыруы туіс. Ал жасалған қылмыстың үлгісі тергеушінің ойында дұрыс калыптасуына қажет заттай дәлелдемелердің толық табылуы оларды терең талдауға көп мүмкіндік береді.

Сонымен, криминалистика адамдардың екі түрлі іс-әрекеттерін, яғни қылмыс жасаған адамның қылмысты іс-әрекетін және тергеушінің қылмысты ашуға байланысты жүргізетін криминалистік тәсілдер мен әдістерді колдануға байданысты жұмысын зерттейді.

Қылмысқа қарсы құрестің нәтижелігі және табыстылығы тергеуші және жедел-іздеуші органдардың өзара қарым-қатынасының дұрыс қалыптасуына көп байланысты. Аталған екі органның өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 65-бабында көзделген. Атап